



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

тұздай екен деп жақтырмайды. Бұл – тілдің күдіреті. Бұл – қазақ пен орыстың дүниеге деген көзқарасының айырмашылығы. [1]

Ресми заң жүзінде бекітіліп кеткен үштілділік тақырыбының білім жүйесіндегі орнын алып отырғандағы басты мақсат – бастауыш сыныптағы балалар ана тілімізде дүниені танысын деген ұсыныс. Иванға мен керек емеспін ғой. Оның өзінің мың Иваны бар. Джонға да керек емеспін, оның да өзінің мың Джоны бар. Расында, әр азамат өз елінің болашағы үшін қызмет етеді. Қазақстан Республикасы дамыған отыз елдің қатарына кіргенін қаласақ ең алдымен ана тіліміздің құзіреттілігін арттырумыз керек. Қазіргідей балабақшадан кішкене бүлдіршін әлемді үш тілде оқитын болса, мектеп табалдырығын аттаймын дегенше сол үш тілдің біреуі доминатты тіл болып кетері анық. Жаһандық ағылшын тілі мен ұлтаралық орыс тілінің арасында қанша жылдық бұғаздан шыққан қазақ тілі жойылып немесе өзіндік дыбысталуынан айырылып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан қазақстандықтар бастауыш сыныптарда дүниені және өзін-өзі тануды өз ана тілдерінде өтсін. Жоғарғы сыныптардан бастап та шет тілдерін оқыса заман талабынан кеш қалмайды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. <http://abai.kz/post/51900> (Анар Фазылжановамен сұхбат)
2. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007.
3. Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. – 2008
4. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. – 2008
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық, – 2016 ж. (<http://bilim-semey.gov.kz>)

ӘОЖ 070:81'246.3

#### **ЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҮШТІЛДІЛІК**

**Сапар Раушан Арманқызы**

[armanovnar@mail.ru](mailto:armanovnar@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Б. Ш. Кадрина

Үштілділік – цифрлық дәуірдің маңызды талабы, әлемдік аренада жоғары деңгейде дамыған, оқ бойы озық тұратын алдыңғы отыз ел қатарына ену үшін ең басты баспалдақ. Жаһандық дамудың даңғыл жолына түскен Қазақ елі бәсекеге қабілетті және алып мемлекеттермен терезесі тең болсын десек, Елбасы бастаған сындарлы саясаттың астарында жарқын болашақтың кілті жатқандығын ұғынуымыз керек. Өйткені, үштілділік шет елдермен тың тәжірибе алмасып, халықаралық қарым-қатынас жасауға, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, заман ағымына саналы түрде бейімделуге бағыттайды. Н.Ә.Назарбаев бұл идеяны тұңғыш рет 2006 жылы өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында жария етіп, мән-мазмұнын түсіндірді. **2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында:** «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі», – деп айрықша атап өтті. Иә, күллі әлем көз алдымызда күн сайын өзгеруде. Дүбірлі дүниеде цифрлық технология басымдыққа ие болып, ағылшын тілі өз қажеттілігін, ақпарат айдынында айрықша орын алатынын таныта түсуде. Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Гүлназ Салғараева: «Ағылшын тілінің мәдениетаралық қатынас құралы болу сияқты жалпы қоғамдық қызмет атқаруымен бірге төмендегідей қосымша

міндеттері бар: біріншіден, ол білімді бір тілден екіншісіне аударып, тарату қызметін атқарады; екіншіден, халықаралық коммуникация мен ақпарат құралдары қызметін атқарады; үшіншіден, адамдар арасында бүкіл әлемдік ой-пікірлер алмасу түрі және төртіншіден, аса мол ақпараттарды сақтау құралы қызметін орындайтын тіл. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек», – деп орынды ой білдірген еді. Үш тілді білу – ғаламдық білім кеңістігінде үлкен жетістікке жеткізетін жарқын жол.

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар ғылыми-техникалық өрлеудің өн бойындағы басты негізі болып отыр. Ақпараттық қоғамда да цифрлық технологиялардың алатын орны орасан зор. Саяси ғылымдар докторы, ҚР Журналистер одағының мүшесі Р.Ә.Нұртазина «Жаһандану жағдайындағы қазіргі бұқаралық коммуникациялар» атты еңбегінде: «Қазіргі заманның адамы бұқаралық коммуникация құралдары байланыстары бойынша цифрлық инновациялық өркениетті жете түсініп, қабылдайды. Ғалым Элвин Тоффлер әлемді жаһандық медиа-жүйеге қабыстырып, инновациялық ойлауды, адамның жаңа саяси мәдениеті мен санасын қалыптастыратын қазіргі ақпараттық шынайылықтың ауқымдарын болжай алмағанмен, ақпараттың барған сайын артып жатқан үстемдігі жайында жазған-ды», – деп айтқандай, ұлттық медиамен қатар заманауи медиакоммуникация қарыштап дамып жатыр. Цифрлық технологияны түсінуде адамзат үшін БАҚ қызмет жасайды. Ағылшын тілі күнделікті тұрмысқа етене кіріп кетпесе де, ақпарат ағынында ойып орын алған. Қазақ журналистикасындағы үштілділік уақыт өткен сайын ілгерілеп келе жатқаны сөзсіз. Біріншіден, ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің мәліметі бойынша еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының басым көпшілігін баспасөз БАҚ құрайды, аз бөлігін электрондық БАҚ, ақпараттық агенттіктер және желілік басылымдар құрайды екен (1 кесте).




1. Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының құрылымы.

Қазақстандағы барлығының дерлік басылымдардың электронды нұсқасы жұмыс істейді. Әр сайттағы ақпараттарды сіз кем дегенде үш түрлі тілде қарай аласыз. Мысалы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Отанымыздың бас газеті» деп баға берген байырғы басылым «Егемен Қазақстан» газетінің электронды нұсқасы Zero.kz рейтингінде алғашқы

отыздыққа кіріп, қазір ең жиі қаралатын елу сайттың ішінде тұрақтаған. Бұл туралы «Егемен Қазақстан» газетінің басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі Qamshy.kz ақпарат агенттігіне берген сұхбатында: «Бұл жерде ешқандай құпия амал жоқ, адамның ойына келмейтін дүниелер жасадық деп айта алмаймыз. Дегенмен, бір сөзбен баға берер болсақ, біз бар болғаны «Егемен Қазақстанның» әлеуетін анықтап, соны дұрыс пайдаландық. Ең әуелі, газетімізде IT мамандардың басын қосып, сайтқа толықтай SWOT-талдау жасадық. Ол талдауда сайтымыздың күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ мүмкіндіктері мен қауіптерін қарастырдық. Содан соң, әлсіз жағын күштіге айналдырып, қауіптің алдын алуды ойластырдық», – дейді. Айта кетерлік жайт, қазіргі таңда «Егемен Қазақстан» үш тілде ақпарат таратып отыр. Қазақ тіліндегі жаңалықтар шетелдегі қандас бауырларымызға арналып, латын қарпінде және төте жазумен жарық көреді. «Соңғы бір жыл ішінде сайтымызға Франциядан, Қытайдан, АҚШ-тан, Түркиядан, Моңғолиядан мыңдаған адам кірген және олардың қатары тұрақты түрде артып келеді. Байқасаңыздар, осы елдердің бәрінде қазақ диаспоралары бар. Олардың бәрі бірдей кирилл қарпін танымайды, сол себепті біз оларға да тарихи отанының жаңалықтарын өздері оқи алатын әліпбиде жеткізуіміз қажет. Мемлекеттік саясатты тарататын бас басылым болғандықтан, бұл - біздің міндетіміз», - деп Дархан Қыдырәлі «Егемен Қазақстан» газеті халықаралық деңгейдегі газет екендігін мақтанышпен айтты. Сонымен қатар басылымның «Үш тұғырлы тіл» саясатын қолдайтындығын төрағаның мына сөзінен байқауға болады: «Ағылшын тіліндегі нұсқаны қазақ жаңалықтарын әлем тілінде сөйлету үшін қолға алдық десек болады. Ол бізге не береді? Біріншіден, бұл – ақпараттық қауіпсіздік мәселесі. Біз қазір Қазақстанды әлемге таныту тұрғысынан көп жұмыстар атқарып жүрміз. Танымалдықпен бірге оң имидждің болуы да маңызды екенін атап өткіміз келеді. Ел жаңалықтарын ағылшын тілінде өзіміз жазбасақ, біз үшін оны ешкім жазбайды. Әлемдік қауымдастыққа өз дауысымызды естіртпесек, ешкім біздің ойымызды, біздің мәселемізді білмейтін болады. Екіншіден, Қазақстан жаңалықтарына қызығушылығы бар, бірақ қазақ және орыс тілдерін білмейтін азаматтарға қызмет ету. Мәселен, шетелдік сарапшылар кейде Қазақстан жаңалықтарын Қырғызстанның медиа құралдарынан алады екен, себебі көршімізде ағылшын тілінде ақпарат тарату жолға қойылған. Жалғыз Қырғызстан емес, Әзербайжан, Грузия, Моңғолия секілді бізге көрші өзге елдерде де ағылшын тілінде жаңалық беру жақсы дамыған. Өз әлеуетімізді дұрыс пайдалансақ, біз бұл елдерден озып та кете аламыз.» Алаш зиялысы Міржақып Дулатұлының мынадай бір сөзі бар: «Қай ұлттың баспасөзі мықты болса, сол ұлттың өзі де мықты ». Иә, цифрлық технология мен үштілділікті бір арнаға тоғыстырған ел газеті "Егемен Қазақстан" өз мықтылығын дәлелдей түскендей.


Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ең бірінші «Егемен Қазақстанда» жарияланған болатын. Бүкіл әлем осы мақалаға байланысты газетке сілтеме жасап, аударып отырды. «Осылайша Елбасы өзінің мақаласы арқылы қазақ елімен қатар «Егемен Қазақстанға» да сілкініс әкелді. Рухани жаңғыру сайттағы жиі ізделетін тақырыптардың көшін бастады», – деген бас төрағаның сөзінен «Егемен Қазақстан» газетінің дүниежүзіне танылғанын көреміз. Баспасөз құралының үш тілде ақпарат беріп отырғаны осы бір жерде пайдасын тигізгені анық. «Егемен Қазақстаннан» өзге халықаралық «Қазақстан Заман» газетін алайық. Төрткүл әлемнен ақпарат тарататын бұл газеттің ғаламтордағы мақалаларын сіз төрт тілде оқи аласыз. Ал республикалық «Ана тілі» газетін ғаламтордан қарап қана қоймай, сайтта жарияланған мақалаларын латын, кирилл, араб әліпбилерімен оқу мүмкіндігі қарастырылған. Міне, қазақ баспасөзінің жаңа заманға сай дамып келе жатқандығын осыдан-ақ аңғарамыз. Республикамызда ақпараттық агенттіктердің жалпы саны – 193. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 4 ақпараттық агенттік (3%) мемлекеттік болып табылады, 189 (97%) мемлекеттік емес. (2 кесте).



## 2. Интернет ресурстарының тілі (электрондық БАҚ).

Қазақстандағы баспасөздің интернет ресурстары үш тілде жарияланады. Ал оқырмандардың қолына таза ағылшын тіліндегі газет-журнал тиеді ме? Ия, бірақ саусақпен санарлық. Қазақстанда барлығы 117 газет, 1294 журнал жарық көреді екен. Бұл – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ресми мәліметі (3 кесте).

Баспасөзден үштілділіктің баяу болса да даму деңгейін байқаймыз. Бірақ, өкінішке орай, 30 елдің қатарына қосыламыз деп биік мақсат қойған ел үшін жеткіліксіз. «Қазпочта» АҚ ұсынған 2018 жылғы газет-журналдар каталогынан Алматы қаласындағы «The Astana times» газеті ғана таза ағылшын тілінде шығатынын білдік. Ал үш тілде бірге шығатын балаларға арналған «Ақбөбек» (Ақтөбе), «Алты алаш» (Алматы), «Білім шапағаты» (Алматы), «Жәрдем» (Талдықорған), «Лидер» (Көкшетау), «Мұнайлы Астана» (Атырау), «Ұстаздық еңбек» (Атырау) газеттерін бірі білсе, бірі білмейді. Журналдардың арасында мен мұндалап тұрған қазақтардың ағылшын тілінде жарық көретін журналы жоқтың қасы.



## 3. Қазақстанның баспасөз БАҚ.

Студенттер арасында сауалнама жүргізіп, оның нәтижесінде он студенттің біреуі ғана үш тілдегі жалғыз өңірлік журналдың атын атағанда терең ойда қалдық. Неге десеңіз, мемлекеттік тілмен жарыса орыс тілі үнемі қатар жүреді. Орыс тілінде жарық көретін газет-журналдардың санынан жаңылысасың. «Әттеген – ай» дейтін тұс та осы. Осындайда қазақ тілге тұғырдың төрін беріп, орыс тілі мен ағылшын тілін иық теңестіріп, бір деңгейде қолдансақ қой деген ой келеді. Қазақ тілінің орны бөлек. Ана тіліміздің тұғыры біз үшін қашан да биік емес пе?! «Қазақ журналистикасының Корифейі» атанған атақты ғалым, профессор Намазалы Омашұлы: «Елдің мұраты айқындалмай, ұлт болып ұйысу қиын», –

**депті.** Біздің мақсат – өз қарым-қабілетін таныта алатын, ой-көзқарасын айқын жеткізетін, білімнің тылсым құпияларына үніліп, кемел келешекке нық қадам басатын, туған тілімен бірге өзге тілдерді жетік меңгерген қоғамға бейім, ой-өрісі биік, елдің ертеңгі тұтқасын ұстар жаңа дәуірдің жалынды жастарын тәрбиелеу. Сонда ғана еліміз өркендейді. Осы мақсаттан білім беру орындарында жаңа мүдде, жаңа талап туындайды. «Үш тұғырлы тіл» саясатын ұстана отырып, мемлекет алға жылжуы керек. Олқылықтардың орнын толтырып, ағылшын тіліндегі газет- журналдар көбірек басылса екен деген тілек бар. «7kun.kz» ақпарат агенттігінің сараптамасына көз жіберсек, 2016 жылдың есебі бойынша елімізде үш тілді меңгергендер 20 пайызды құрады. Егер 1991 жылы ағылшын тілін білетіндер саны 2 пайыз ғана болса, 2012 жылы 11,6 пайыз, ал қазіргі уақытта **23,7 пайызға жеткен.** Осы көрсеткішті одан әрі жоғарылату үшін журналистер қауымы қазақ және ағылшын тілінде газет-журнал шығарса, нұр үстіне нұр болар еді. Әсіресе балалар арналған журналдар оң нәтижесін береді деп ойлаймыз. Қазақ тілінің қадір-қасиетін насихаттай отырып, жеті жұрттың тілін, мәдениетін, өркениетін білуге үгітесе, оқырмандар қауымы түсіне білсе, артылған сенімнің ақталғаны.

Баспасөзден бөлек, радио мен телеарналардан үш тілде хабар тарататын ақпараттық-танымдық бағдарламалар үлкен рөл атқарады. Ағылшын тілінде сөйлейтін радиоарна жоқ, алайда 24 сағат бойы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде хабар тарататын «Kazakh TV» бар. Бұл – үлкен жетістік. Көгілдір экран алдындағы көрермен үш тілді жетік меңгеріп, әр тұрғын үш тілде еркін сөйлесе, Елбасы саясатының еленгені. Сондықтан ҚР БҒМ Болон процессі және академиялық мобильділік орталығының директоры Амантай Нұрмағамбетов айтқандай, «үш тілде білім беру бағдарламасы – қажеттілік. Қазақ және орыс тілдері – бұлар біздің өміріміздің бір бөлшегі. Ағылшын тілі – бұл ғылымның тілі». Қазір мектеп қабырғасында жүріп-ақ бүлдіршіндер ағылшын, орыс тілін меңгеруде. Бұл еліне ерінбей еңбек ететін ұрпақ үшін жасалған маңызды қадам болды. Халықаралық қатынаста ел мүддесін көздейтін жастар жеткіншек кезінен дайындалатын болады деген сөз. Телеарнада тек бір тілде ғана емес, жоспарлы түрде ағылшын тілінде жаңа тың ақпараттар беріліп отырса, балаға білімнің негізгі кірпіш тасын қалауға көмектеседі. Үштілділіктің дамуының қуатты тетігі – ол жастайынан тіл білетін мықты кадр дайындау. Мықты кадр жан-жақты ойлай алатын білімді азаматтан шығады. Бұл ретте БАҚ өзін дамытуға күш салуы керек. Цифрлық технологиялар тілі ағылшын тілінде болғандықтан, мемлекеттік БАҚ та өзінің контентін әлеуметтік желілерде ілгерілету жұмыстарын жүргізеді (4 кесте).



4. Мемлекеттік БАҚ-ты әлеуметтік желілерде ілгерілету.

**Мен бүгінде Қазақстанның беделді оқу орны Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білім аламын. Болашақта халықаралық деңгейдегі журналист атанғым келеді. Бір қуанатыным, біздің оқу орнында ағылшын тіліне жақсы мән берілген. Пікірсайыс клубтары да үш тілде жұмыс істейді. Көптеген мамандықтар бойынша ағылшын топтары ашылған. Білім ордасы шетелдің алдыңғы қатарлы университеттерімен арнайы келісімшарттарға отырған. Жыл сайын мыңдаған оқушы арнайы бағдарламамен әлемнің мықты оқу орындарында білім алып келеді. Бұл Қазақстанның сыртқы саясатында да маңызды рөл атқарса, әрі студенттер үшін өзін-өз жетілдіру. Тілді жеткілікті деңгейде игеру мәселесін шешу үшін студенттерге және қалауы бойынша өзге де оқытушылар үшін ағылшын тілін үйрету курстары жұмыс істейді. Оқытушылар өзге**



мемлекеттерде өз біліктіліктерін арттырып, елімізге мол тәжірибемен оралып, іс жүзінде жүзеге асыруға еңбектенуде. «Әлемде жарыққа шығатын 10 млн кітаптың 85%-ы ағылшын тілінде шығады. Ғылым, даму, ақпаратты технология – барлығы да ағылшын тілінде етек жаюда. Қазақстанда 3500 шет елдік компания жұмыс істейді. Олармен біз ағылшынша сөйлесеміз, осы тіл арқылы өндіріс күшімізді көтереміз», – деген Елбасының сөзі бізге күш – қуат, жігер сыйлайды. Сабақ беретін ұстаздар – журналистиканың жампоздары. Мемлекет басшысы бастап отырған саясаттың дұрыстығына сеніміміз кәміл. Президент бастамасымен 2013 жылдың наурыз айынан бастап журналистер үшін «Болашақ» бағдарламасы аясында шетелде білім алу мүмкіндігі туды. Бүгінгі күні телевизия тарландарына айналған Гүлназ Әлімгерей, Нұрділдә Ораз, Әуесбайдың Қанаты сынды журналистер шетелдіктермен жиі тәжірибе бөлісіп, өз біліктіліктерін одан әрі арттырып жүрген жүйріктер. Осындай тұлғаларымыз қазақ журналистикасында үштілділіктің дамуына қарымды үлес қосып жүр. Дегенмен де қазақтың Қадыр ақынының: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – деген ұлағатын ешқашан естен шығармайық! «Ең жауапты мамандық – журналист мамандығы. Өйткені, журналист қоғам үшін жауап береді», – деп журналист Нұрмахан Оразбек ағамыз айтқандай, жауапкершілік жүгін арқалаған журналист ағылшын, орыс және ең бастысы, өзінің ана тілінде еркін сөйлеуі тиіс.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нұртазина Р.Ә. «Жаһандану жағдайындағы қазіргі бұқаралық коммуникациялар». – Алматы. – 2016 ж.
2. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ресми интернет – ресурсы. <http://mic.gov.kz/kk/pages/bak>
3. Н.Омашұлы. «Қазақ журналистикасы: Қазақ баспасөзі». – Алматы. – 2008 ж.
4. 7kun.kz ақпарат агенттігінің ресми интернет-ресурсы. <http://7kun.kz>
5. «Баспасөз ағарту құралына айналады». Дархан Қыдырәлінің Qamshy.kz ақпарат агенттігіне берген сұхбаты. – 2017 ж.
6. «Білім берудегі үштілділік-цифрлық дәуірде ұстазға қойылар басты міндет». Гүлназ Салғараеваның Вақ.kz ақпарат агенттігіне берген сұхбаты. – 2018 ж.
7. «Қазақ журналистикасы және ұлттық мүдде немесе Омашев ұстаздың «Есінде болсындары». – Үркер газеті, – 2017 ж.
8. «Журналистика өзгелер амандаса да алмайтын адамдармен араласып-құраластырады» С.Абдрахмановтың «Қазақ үні» газетіне берген сұхбаты. – 2011 ж.
9. «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, – Астана, – 2007 ж.
10. Әбдуәли Т. «Үштұғырлы тілден түңілмейік» мақаласы. – «Жетісу» газеті, – 2008 ж.
11. Тәңірбердіқызы Т. «Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес» – «Қазақ әдебиеті» газеті, – 2008 ж.
12. «Қазпочта» АҚ ұсынған 2018 жылғы газет-журналдар каталогы
13. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақ» халықаралық стипендиясының мерейтойлық форумында сөйлеген сөзі, Астана, – 2013 ж.
14. «Қазақ баспасөзі қай деңгейде?» – «Айқын» газеті, – 2011 ж.
15. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы, – 2017 ж.